

Семей Медицина Университеті
Т.А.Назарова атындағы патологиялық физиология
кафедрасы

“Ісікті өсу” және “ісік” туралы
түсінік.


Табиғаттағы ісіктердің таралуы



Орындаған: Айтжанов Е.Д.
323-топ ЖМ
Тексерген: Қасымбай Ж.Б.

Семей 2018 жыл

Ісік, тін өсіндісі, – өзінің қалыпты пішіні мен қызметін жойған, организмнің түрі өзгерген клеткаларынан құралған тіндердің патологиялық жайылып өсуі. І. жасушалары Ісікке шалдықтырған себептер тоқтаса да өсе береді. Көпшілік жағдайда ісік кәрі адамдарда пайда болатыны белгілі. Себебі адамның жасы ұлғайған сайын, оның иммундық жүйесінің жұмысы төмендеп, қауіпті ауруларға қарсы тұра алмайды. Көптеген онколог ғалымдар ісік аурулары өзінің өсу жолында екі сатыдан өтетінін дәлелдейді.



Біріншісінде, канцерогендік заттардың әсерінен таза жасуша ісік жасушасына ауыса бастайды, бірақ ол белсенділік көрсетпей тыныш жатады.

Екіншісінде, нағыз ісік түйіні пайда болып, ол өніп-өсе бастайды. Бұл екі сатының әрқайсысы организммен екі жақты қарым-қатынаста болады. Организмнің күш қабілеті, Ісікке деген төзімділігі өте жоғары болса, онда бірінші саты ұзаққа созылып, екіншісінің болмауы да мүмкін. Кейде екінші саты біріншіге көшіп, кері процесс жүруі, сондай-ақ канцерогендер тікелей иммунитетке зиянды әсерін тигізіп, Ісік ауруына әкелуі мүмкін.




Figure 1. Stages of carcinogenesis occur and development

- ❖ *Ісік көбінесе үлкенді-кішілі түйін түрінде өседі, оның көлемі қай жерде өсуіне байланысты. Бас сүйегінің ішіндегі ісіктер көп үлкеймей-ақ ауыр клиникалық өзгерістерге соқтырса, іш қуысындағы ісіктер шексіз өсе беруі мүмкін. Мысалы, жатыр фибромиомасының 70 кг-ға дейін жеткені белгілі, ал аналық безде 129.5 кг кистама табылған. Айта кететін жайт тек адам өміріне қатерсіз ісіктер ғана осындай дәрежеге дейін өсуі мүмкін. Ісіктің жұмсақ немесе қатты болуы оның паренхимасы мен стромасының арақатынасына байланысты. Ісік құрамында паренхима басым болса ол әдетте жұмсақ, ал стромасы көп болса қатты болды.*



- *Ісік өсуінің ерекшеліктеріне белгілі автономдық және шексіз өсу жатады. Ол бұтін организмнің реттеуші жүйелерінің әсерлеріне бағынбайды. Ісіктің өсуіне қарай ретсіз өсуі көбейеді. Бұл клеткалардың шексіз көбеюінің себептерін түсіндіру қиын. Болжам бойынша: а) ісік клеткаларында қалыпты клеткаларда болатын шекті бөліну өлшемі (Хейфлик) жоғалған. Адамда фибробласт клеткасы қалыпты жағдайда тек 50 рет қана*




- Ал зарарлыққа айналған ісік клеткалары шексіз көбеюне қабілетті; б) қалыпты жағдайда көрші клеткалар өзара түйісуден бір-біріне бөлінуді тежсейтін әсер етеді. Ісік клеткаларында бұл түйісу тежелуі азайған; в) ісік клеткаларының шексіз көбеюі ісік ткандеріндегі кейлондардың өндірілуі азаюынан болуы мүмкін. Кейлондар кемеліне келген клеткалармен өндіріледі және пролифeрацияны тежсейді. Ал, ісік ткані негізінен жетілмеген клеткалардан тұрады.

- Қазіргі уақытта ісіктерді жіктеу, олардың шыққан тканіне қатысы және өсу сипаты негіздерінде болады. Сондықтан морфологиялық құрылымы бойынша дәнекер ткандік ісіктер және **эпителиалдық ісіктер** деп бөлінеді. Ісік клеткаларының жетілуіне қарай: **типтік** және **атиптік** болады. Өсу қасиетіне және жылдамдығына қарай: **қатерлі (зарарлы)** және **қатерсіз (зарарсыз)** ісіктер болып бөлінеді. **Қатерлі ісіктерге** эпителиалдық ісік – рак, дәнекер ткандік ісік – саркома жатады. **Қатерсіз ісіктер** шыққан тканіне қарай, сол тканнің атына «ома» деген жалғау қосылып аталды. Мысалы: фибриома, остеома, аденома, меланома, неврома, ангиома ж.б.
- Зарарсыз ісіктер айналасындағы ткандерді ығыстырып, қысып өседі. Мұндай өсуді экспансивті түрде өсу дейді. Қатерлі ісіктер қоршаған ткандерді ыдыратып, баса көктеп тамырын жайып өседі. **Инфилтративті** – инвазиялық өсу қатерліліктің негізгі өлшемі.

Толысу дәрежесіне қарай

- Экспансиялы жолмен ісік төңірегіндегі тіндерді ығыстырып өседі*
- Аннозициялы жолмен өскен кезде ісік алаңындағы қалыптты жасушалар ісіктік жасушаға айналады*
- Инфилльтрациялы жолмен ісіктік жасушалар қоршаған тінді зақымдап, арасына жайыла өседі*


*Барлық ісіктерді гистологиялық құрылысына,
клиникалық көріністеріне қарап
3 топқа жіктейді:*



деструкциялы



қатерсіз



қатерлі



Қатерсіз ісік

- Жетілген ісік
- Гомологиялық-өзі туындаған тінге ұқсас болады. Олардың органтиптік және гистотиіптік толысуы бұзылады.
- Ісіктің бұл түрі организмге өлім қатерін тугызбайды және, әдетте метастаз жсаймайды. Қатерсіз ісік қаупі, оның дамыған жерінің организм үшін маңыздылығына байланысты болады. Мысалы, мидың қатты қабығының қатерсіз ісігі ми мен жұлынды қысып, ОЖЖ-ның қызметін зақымдап, қатер тугызуы мүмкін
- Әдетте малигнизация, яғни қатерлілену байқалуы мүмкін



Қатерлі ісік қалыпты жасуша қатерлі трансформация нәтижесінде пайда болады, ол бақылаусыз көбейеді, апоптозға қабілеттілігін жоғалтады. Қатерлі трансформация бір немесе бірнеше мутация кесірінен пайда болады, жасушалардың шекарасы анықталмаған жағдайда апоптоз механизімі бұзылуына алып келеді. Егер де ағзаның иммундық жүйесі мұндай трансформацияны анықтамаса, ісік ары қарай өсіп сонында метастаз береді. Метастаздар барлық ағзалар мен тіндерде пайда болуы мүмкін. Өте жиі метастаз сүйекте, мида, бауырда және өкпеде пайда болады. Және де жасушалардың бақылаусыз бөлінуі қатерсіз ісікке алып келуі мүмкін. Қатерлі ісік қатерсіз ісіктен **ерекшелігі** метастаз қалыптастырмауы болады, басқа ағзаларға енбейді және ағзаға қатерсіз. Бірақ та қатерсіз ісік жиі қатерлі ісікке ауысады.



- *Қатерлі ісік — бұл ағзаның кез келген бөлігін залалдайтын 100-ден астам аурудың жалпы мағынасы. Дегенмен де, қатерлі ісікке тән белгілердің бірі аномалдық жасушалардың жылдам пайда болуы, өзінің әдеттегі шекараларынан тыс өсетін және ағзаның жақын бөлігіне еруге және басқа ағзаларға таралуыға бейім.*

Қазақстанда қатерлі ісік ауруынан өлу халықтың өлімі құрылымында екінші орынға ие. Жыл сайын қатерлі ісікпен шамамен

17000 адам өледі, оның 42% – еңбекке жарамды тұлғалар.


Соңғы бес жыл бойында республикада жаңадан пайда болған қатерлі ісікпен ауырғандардың саны ұлғайып отыр:

егер 2006 жылы 28573 науқас тіркелген болса, 2011 жылдың аяғында олардың саны 30299 дейін өсті.

Жаңадан пайда болған қатерлі ісікке шалдыққандардың саны жыл сайын өсіп, 5%-ды құрап отыр. Өлім көрсеткішінің төмендеуі ең алдымен, қатерлі ісікті ерте кезеңінде анықтау диагностикасының жақсаруына және емделу нәтижесінің тиімділігіне байланысты.

Сонымен қатар, бұл көрсеткіш дамыған елдердің көрсеткішіне жетпейді, өйткені қатерлі ісіктің соңғы кезеңінде өлімнің бетін қайтару мүмкін емес және әлі де жоғары деңгейде тұр.

Қазақстандағы қатерлі ісік ауруларының түрлері





Қатерлі және қатерсіз ісіктердің сипаттамасы

Өсу ерекшеліктері	Қатерсіз ісіктер	Қатерлі ісіктер
Өсу түрі	экспансиялық	инвазиялық
Өсу жылдамдығы	баяу	тез
Тіндік атипизм	болады	болады
Жасушалық атипизм	болмайды	болады
Метастаздар	Болмайды	Жиі байқалады
Митоздық белсенділігі	Төмен	Өте жоғары, атипиялық митоздар көп
Өзі дамыған тінге гитологиялық ұқсастығы	Жоғары	Өте төмен, кейде мүлде ұқсамайды
Қайталануы	Өте сирек	Жиі
Организмге әсері	Шамалы	Өте жаман, көбінесе интоксикация белгілері, кахексия дамиды
Ядроның құрылымы	Көбінесе қалыпты күйінде	Әдетте гипохромды, кедір-бұдыр болып өзгерген ядрошықтар т.б. Құрылымдарында көптеген өзгерістер
Шекарасы	анық	Жай көзбен көрінбейді
Кахексия дамуы	болмайды	болады
Некроз дамуы	сирек	жиі
Жараға айналуы	сирек	жиі

Ісік өсуі – организмде жаңадан қабылданған қасиеттерін шексіз буындарға бере алатын ісік клеткаларының пайда болуы және көбеюі. Қазіргі жағдайда жер шарының әрбір төрттен бір тұрғыны ісікпен ауруы мүмкін және қатерлі ісіктердің дамуы жиілеп келеді. Мәселен, бұрынғы КСРО республикаларында өкпенің рак ауруымен ауруы соңғы 50 жылда 10 есе көбейді. Сонымен бірге ісік ең күрделі процестің бірі және қарқынды зерттеулерге қарамай әлі күнге дейін, көпшілік жағдайлары танылмаған медицинаның тарауы болып келеді. Бірқатар елдерде қатерлі ісіктер өлім себептерінің арасында жүрек-тамыр жүйелерінің ауруларынан кейінгі екінші орында, шамамен 16-23% құрайды.

Сонымен, ісік паталогиялық, организмнің бақылауына бағынбайтын, белгілі зат алмасуының автономиясы мен құрылымында және қасиеттерінде үлкен алшақтықтары бар клеткалардың өсіп-өнуі.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА

РАХМЕТ!!!

